



Жалғыз құрылтайшы бекіткен  
(«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің  
29.05.2015ж. №4 хаттамасы)

**«Жандартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу  
орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қ., 2015 ж.

## **1-бап. Жалпы ережелер**

1. «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (одан әрі - Заң), «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін, осы Серіктестік Жарғыға (бұдан әрі - Жарғы) басшылыққа алады.

2. Жарғы оның атауын, орналасатын жерін, оның органдарын құру мен құзыретінің тәртібін, оның қызметін қайта құру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа ережелерді айқындайды.

3. «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы Жалғыз құрылтайшысы және қатысушысы (бұдан әрі – Жалғыз қатысушы) болып табылады, Қазақстан Республикасы, 010010, Астана қ., Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғ., 59-ғимарат.

4. Серіктестіктің толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Расчетно-финансовый центр по поддержке возобновляемых источников энергии».

Серіктестіктің қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС;

2) орыс тілінде: ТОО «РФЦ по ВИЭ».

5. Серіктестіктің орналасқан жері (заңды мекенжайы): Қазақстан Республикасы, 010010, Астана қ., Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғ., 59-ғимарат.

6. Серіктестіктің қызмет көрсету мерзімі – шектеусіз.

7. Негізгі қызмет түрі – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр тораптарына жеткізілген электр энергиясын орталықтандырылған түрде сатып алу мен сатуды жүзеге асыру.

8. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыра алады.

## **2-бап. Серіктестіктің заңды мәртебесі**

1. Серіктестік Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы №1281 қаулысына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр тораптарына жеткізілген электр энергиясын орталықтандырылған түрде сатып алу мен сатуды жүзеге асыратын жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы болып белгіленді.

2. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастан заңды тұлға құқын иеленеді.

3. Серіктестік орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

4. Серіктестіктің мөрі, мөртаңбасы, дербес балансы, банктерде шоттары, өзінің атауы жазылған бланкілері болады.

5. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына жету үшін өз атынан мәмілелер жасауға, мүліктік және мүліктік емес құқықтар сатып алуға, міндеттерді атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

6. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдары мен өкілдіктерін құруға, өзге заңды тұлғалармен бірлестіктер (одақтар) құруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

7. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша барлық өзіне тиесілі мүлкіне жауап береді. Мемлекет Серіктестіктің борыштары мен міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Серіктестік мемлекеттің борыштары мен міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

8. Серіктестік өзінің Жалғыз қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

9. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестіктің жарғылық капиталына олар енгізген құн шегінде Серіктестіктің қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтермейді.

10. Серіктестіктің корпоративтік сайты - <http://www.rfc.kegoc.kz>.

### **3-бап. Серіктестіктің жарғылық капиталы және мүлкі**

1. Серіктестіктің жарғылық капиталы Жалғыз қатысушының жеке салымы негізінде құрылған 100 000 000 (жүз миллион) теңгені құрайды.

2. Серіктестіктің мүлігі негізгі қорлар мен айналым қаражаттарынан, сондай-ақ құны Серіктестіктің дербес балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

3. Серіктестіктің мүлкі оның Жалғыз қатысушысының салымы, Серіктестік алған табыстар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен құрылады.

4. Мүлік Серіктестікке меншік құқығына тиесілі.

5. Серіктестіктің жарғылық капиталына енгізілетін салым ақшаға, бағалы қағаздарға, заттарға, мүлік құқықтарына, соның ішінде жерді пайдалану мен зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқығы және өзге де мүлігі болуы мүмкін.

6. Жеке мүліктік емес және өзге материалдық емес игіліктер түріндегі салымға жол берілмейді.

7. Серіктестіктің мүлігі Жалғыз қатысушының жарғылық капиталға бастапқы жарнасы, қосымша жарналар, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен болған табыстар есебінен, сондай-ақ қарыз қаражаты және Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте сатып алған немесе алған басқа да мүлік есебінен құралады.

8. Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгеруі мүмкін.

9. Серіктестіктің жарғылық капиталының артуы Жалғыз қатысушысы жүргізген қосымша салымдар арқылы; Серіктестіктің меншік капиталы есебінен, соның ішінде резервтік капитал есебінен жарғылық капитал мөлшерінің артуы арқылы жүзеге асырылады.

10. Жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері бойынша Серіктестік алған таза табыс Серіктестіктің иелігінде қалады және қызметтің негізгі түрін жүзеге асыруға жіберіледі.

#### **4-бап. Серіктестік органдары**

1. Серіктестіктің органдары мыналар болып табылады;

1) Серіктестіктің жоғарғы органы – Жалғыз қатысушы;

2) Қадағалау органы – Серіктестіктің қадағалау кеңесі (бұдан әрі – Қадағалау кеңесі);

3) Серіктестіктің жеке - дара атқарушы органы – Серіктестіктің бас директоры (бұдан әрі – Бас директор).

2. Серіктестіктің органдарының міндеттері, сондай-ақ олардың шешімдер қабылдауы немесе Серіктестіктің атынан іс-әрекет жасауы Заңмен, басқа заңнамалық актілермен және Жарғымен айқындалады.

#### **5-бап. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының құқықтары мен міндеттері**

1. Жалғыз қатысушы:

1) Заңмен және Жарғымен көзделген тәртіпте Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;

2) Серіктестік қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;

3) Серіктестік таратылған жағдайда оның кредиторлармен есеп айырысып болғаннан кейінгі мүлкіндегі өзіне тиесілі бөлігін немесе оның құнын алуға;

4) өз үлесін меншіктен шығарып алу арқылы Серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

5) Серіктестік органдарының Заңда және (немесе) Жарғыда көзделген құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібімен қарсылық білдіруге құқылы;

6) және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарыстырылған өзге құқықтар.

2. Жалғыз қатысушы:

1) Серіктестіктің жарғылық капиталына Қазақстан Республикасының Заңында және Жарғыда көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде салым салуға;

2) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;

3) Жарғының 1-бабының 3-тармағында көзделген мәліметтердің өзгергендігі туралы атқарушы органды жазбаша хабардар етуге міндетті.

3. Жалғыз қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге міндеттерді атқарады.

## 6-бап. Жалғыз қатысушының айырықша құзыреті

1. Жалғыз қатысушының айырықша құзыретіне мыналар жатқызылады:

1) Серіктестіктің жарғылық капиталы мөлшерінің, орналасқан жері мен фирмалық атауының өзгеруін қоса алғанда Жарғыны өзгерту немесе Жарғы жаңа редакцияда бекіту;

2) Бас директорды сайлау, оның өкілеттігі мерзімін белгілеу, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

3) Қадағалау кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, мүшелері мен Төрағасын сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

4) жылдық қаржылық есептемені бекіту және таза табысты бөлу;

5) ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және бекітілуі Жарғымен Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылатын құжаттардан басқа Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарды бекіту;

6) Серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім;

7) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

8) Серіктестіктің барлық мүлік кепілдігі туралы шешім;

9) Серіктестік мүлкіне қосымша жарналарды енгізу туралы шешім;

10) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына Серіктестік қызметі туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту

11) Қадағалау кеңесі туралы ережені бекіту;

12) Қадағалау кеңесінің жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті шығыстардың жылдық сомасын анықтау;

13) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлікпен басқаруға табыс ету туралы шешім қабылдау және осындай табыс ету талаптарын айқындау;

14) Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестеріне, акционерлік қоғамдарға, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;

15) Серіктестіктің басқа заңды тұлғалардың он және одан көп акциялар пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдауы;

16) мәміле жасау немесе мәмілелер арасында өзара байланысты жиынтық туралы шешім қабылдау, соның нәтижесінде Серіктестік жанартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр тораптарына жеткізілген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу мен сату шарттарын қоспағанда, Серіктестік активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алады немесе иеліктен шығарады (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін);

17) Серіктестік қатысушысынан үлесті мәжбүрлі сатып алу туралы шешім;

18) филиалдарды, өкілеттіктерді, еншілес ұйымдарды құру және тарату туралы, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту туралы шешім;

2. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің өзге органдарының Серіктестіктің ішкі қызметіне жататын кез келген шешімнің күшін жоюға құқылы, егер өзге Жарғымен анықталмаса.

3. Жалғыз қатысушы оның айырықша құзыретіне жатпайтын өкілеттікті Қадағалау кеңесі мен Бас директорға беруге құқылы.

4. Жалғыз қатысушының қарауына мәселелер енгізу жөнінде Қадағалау кеңесі бастама көтереді.

### **7-бап. Қадағалау кеңесі**

1. Қадағалау кеңесі Серіктестіктің атқарушы органының қызметіне бақылау жасайды және өз қызметін заңнамаға, Жарғы мен Жалғыз қатысушы бекітетін Қадағалау кеңесі туралы ережеге сай ұйымдастырады.

2. Қадағалау кеңесінің мүшелері Серіктестіктің және оның Жалғыз қатысушысының мүддесі үшін іс-әрекет жасауға міндетті.

Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Қадағалау кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қадағалау кеңесінде комитеттер құрылуы мүмкін.

3. Қадағалау кеңесінің айырықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Серіктестік қызметкерлерінің шекті санын, соның ішінде штат кестесін, ұйымдық құрылымын, лауазымдық айлықақылар схемасын, сондай-ақ Серіктестіктің қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеу ережесін бекіту;

2) Серіктестік Бас директорының орынбасарларын сайлау, олардың өкілеттігі мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық айлықақылардың мөлшерлері мен еңбекақы және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;

3) Серіктестік Бас директорына сыйақы төлеу мөлшерін анықтау, сондай-ақ еңбекақы және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;

4) Жылдық кірістер және шығыстар бюджетін, инвестициялық бағдарламалар мен жоспарларды (5 жылға), оларға өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

5) Серіктестік атқарушы органының мезгілдік есептерін қарау;

6) Серіктестіктің қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекіту;

7) Серіктестіктің Қадағалау кеңесі бекітетін ішкі құжаттар тізбесін анықтау;

8) Қатысушыға Серіктестіктің қаржылық-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексеру нәтижелері туралы ақпаратты ұсыну;

9) Қадағалау кеңесінің хатшысын тағайындау, өкілеттігі мерзімін анықтау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) жанартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр тораптарына жеткізілген электр энергиясын орталықтандырылған түрде сатып алу мен сату шарттары бойынша туындаған міндеттемелерді қоспағанда, Серіктестіктің міндеттемелерін жеке капиталдың мөлшерінен 10%-дан асатын шамаға ұлғайту;

11) жанартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр тораптарына жеткізілген электр энергиясын орталықтандырылған түрде сатып алу мен сату шарттарын қоспағанда, Серіктестік шартқа отыратын мәмілелерді немесе мәмілелер арасындағы өзара байланысты жиынтықты 12 (он екі) айдан асатын кезеңге бекіту;

12) Серіктестікті дамыту жоспарының іске асырылуына мониторинг жүргізу;

- 13) аудиторлық ұйымды және оның қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;
- 14) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептемесін алдын ала бекіту;
- 15) Жалғыз қатысушының және Серіктестіктің атқарушы органының айырықша құзыретіне жатпайтын заңнамамен және осы Жарғымен көзделген өзге мәселелер.

4. Жалғыз қатысушының шешімімен Қадағалау кеңесінің құзыретіне басқа мәселелер жатқызылуы мүмкін.

5. Қадағалау кеңесі мүшелерінің саны Жалғыз қатысушы сайлайтын кемінде үш адамды құрауы тиіс. Серіктестіктің қызметкерлері Қадағалау кеңесінің мүшелері болып табылмайды.

6. Қадағалау кеңесі мүшелері өкілеттіктерінің мерзімін Қатысушы анықтайды, бірақ ол 5 (бес) жылдан аспайды.

### **8-бап. Қадағалау кеңесінің отырысы**

1. Қадағалау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Қадағалау кеңесі қарайтын мәселелер бойынша шешім Қадағалау кеңесі мүшелерінің басым дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Қадағалау кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

2. Қадағалау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Қадағалау кеңесі мүшелерінің біреуі Қадағалау кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырады.

3. Қадағалау кеңесінің отырысы оның Төрағасының бастамасы бойынша немесе Қадағалау кеңесінің кез келген мүшесінің, атқарушы органның, сондай-ақ Жалғыз қатысушының талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

4. Қадағалау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Қадағалау кеңесінің төрағасына қоса берілетін Қадағалау кеңесі отырысының күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы ұсынылады.

Қадағалау кеңесінің отырысын Қадағалау кеңесінің төрағасы шақыру туралы талап түскен күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей шақырады.

5. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың қосымшаларымен бірге Қадағалау кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламаны Қадағалау кеңесінің хатшысы Қадағалау кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

Отырысты өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны, сондай-ақ оның күн тәртібі қамтылуы тиіс.

6. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің отырысы тоқсанда кем дегенде бір рет шақырылуы тиіс.

7. Қадағалау кеңесі егер оның отырысына Қадағалау кеңесінің сайланған мүшелері санының жартысынан көбі қатысса, шешім қабылдауға өкілетті.

8. Күндізгі тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған Қадағалау кеңесінің шешімін кеңес өткеннен күннен бастап 3 (үш) күн ішінде Қадағалау кеңесінің хатшысы хаттамамен ресімдейді, оған отырысқа төрағалық еткен адам, отырысқа қатысқан Қадағалау кеңесінің мүшелері қол қояды.

Қадағалау кеңесі отырыстары хаттамаларының және шешімдерінің көшірмелері Қадағалау кеңесінің әрбір мүшесі мен Бас директорға Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің отырысы өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде жіберіледі.

9. Дауыс беруден қалыс қалған немесе күн тәртібіндегі мәселе бойынша қарсы дауыс берген Қадағалау кеңесінің мүшесі жазбаша негіздеме ұсынады. Осындай негіздемені Қадағалау кеңесінің хатшысы Қадағалау кеңесінің шешіміне қоса тіркейді.

10. Қадағалау кеңесі төрағасының қарауы бойынша қарауға енгізілген мәселелер бойынша Қадағалау кеңесінің шешімдерін қабылдау сырттай дауыс беру арқылы жүргізілуі мүмкін.

11. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің хатшысы Қадағалау кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Серіктестіктің Қадағалау кеңесі отырысының хаттамасымен танысу үшін беруге және (немесе) Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің хатшысы куәландырып қол қойған және Серіктестіктің мөрі басылған хаттаманың көшірмесін беруге міндетті.

### **9-бап. Серіктестіктің бас директоры**

1. Бас директор Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесіне есеп береді және оның шешімдерін орындауды ұйымдастырады. Бас директормен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

2. Бас директордың құзыретіне заңнамамен, Жарғымен, Серіктестіктің ішкі құжаттарымен айқындалған Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын Серіктестің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады, соның ішінде:

1) Сенімхатсыз Серіктестік атынан әрекет етеді;

2) заңнамамен және Жарғымен көзделген тәртіпте Серіктестік атынан мәмілелер жасайды;

3) Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жанартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр тораптарына жеткізілген электр энергиясын орталықтандырылған түрде сатып алу мен сату шарттарын жасайды;

4) Қадағалау кеңесі мен Жалғыз қатысушы бекітетін құжаттарды қоспағанда, Серіктестіктің қызметін ұйымдастыруға бағытталған ішкі құжаттарды бекітеді;

5) Серіктестіктің бекітілген даму жоспары, бюджеті шеңберінде Серіктестіктің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарын бекітеді;

6) Серіктестіктің мүддесін білдіру құқығына сенімхаттар, соның ішінде қайтадан сенім білдіру құқығымен сенімхаттар береді, сондай-ақ бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

7) Серіктестіктің қызметкерлеріне қатысты оларды лауазымға тағайындау, оларды ауыстыру және босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбек ақы жүйесін айқындайды, лауазымдық қызметақы мен дербес үстемеақы мөлшерлерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар қолданады;

8) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Серіктестіктің бас директорының орынбасарына, Серіктестіктің бас директорының орынбасары болмаған жағдайда өкілеттігі тиісті сенімхатта көрсетілген Серіктестіктің қызметкеріне жүктейді;

9) Жалғыз қатысушының немесе Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады;

3. Бас директордың өкілеттігі мерзімін Қатысушы анықтайды, бірақ ол 5 (бес) жылдан аспайды.

### **10-бап. Серіктестікте ішкі аудитті жүргізу**

1. Серіктестік «Жанартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-1-бабы 5-тармағына, «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жылдық қаржылық есептеме аудитін жүргізуге және оның нәтижелерін уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

2. Қадағалау кеңесі аудиторлық ұйымды анықтау және Жарғының 7-бабы 3-тармағының 13) тармақшасына сәйкес оның қызметіне ақы төлеу мөлшері туралы шешім қабылдайды.

3. Серіктестік заңнамаға сәйкес есеп пен есептемені жүргізу тәртібі мен оның дұрыстығы үшін жауапкершілікте болады.

### **11-бап. Серіктестікті қайта ұйымдастыру**

1. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта түрлендіру) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Үлесті иеліктен шығару немесе Серіктестіктің қатысушылар құрамының өзгелік өзгеруі Серіктестікті қайта ұйымдастыру болып табылмайды.

2. Заңнамалық актілермен белгіленген жағдайларда Серіктестікті оны бөлу немесе оның құрамынан бір немесе бірнеше серіктестіктерді бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімі немесе сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Заңнамалық актілермен белгіленген жағдайларда Серіктестікті оны біріктіру немесе қосу нысанында қайта ұйымдастыру тек қана уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Қайта құрылған Серіктестіктің мүлкі оны құқықты иеленушісіне ол тіркелген сәттен бастап ауысады, егер заңнамалық актілермен немесе қайта ұйымдастыру туралы шешіммен өзге көзделмесе.

### **12-бап. Серіктестікті тарату**

1. Серіктестік Жалғыз қатысушының шешімі бойынша таратылуы мүмкін.

2. Сот шешімі бойынша Серіктестік мына жағдайларда таратылуы мүмкін:

1) банкрот болғанда;

2) Серіктестікті құру кезінде заңнаманың бұзылуына жол берілуіне байланысты жоюға болмайтын сипатқа ие болса, Серіктестіктің тіркелуін жарамсыз деп таныған жағдайда;

3) қызметті рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе қызметті тыйым салынған заңнамалық актілермен немесе заңнаманы бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүзеге асырғанда;

4) заңнамалық актілермен көзделген басқа жағдайларда.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген негіздер бойынша Серіктестікті тарату туралы талаппен мүдделі тұлғалар сотқа жүгінуі мүмкін, егер заңнамалық актілермен өзге көзделмесе.

4. Серіктестікті таратуды Жалғыз қатысушы немесе сот тағайындаған тарату комиссиясы жүргізед.

### **13-бап. Серіктестіктің қызметін тоқтату**

1. Жарғының 12-бабының 2-тармағында көрсетілген негіздерден басқа Серіктестіктің қызметін тоқтату үшін мынадай жағдайлар негіз болуы мүмкін:

1) егер жарғылық капиталдың кемуі нәтижесінде оның мөлшері заңнамамен көзделген ең төменгі мөлшерден аз болса;

2) егер Жалғыз қатысушы Серіктестікті тіркеген сәттен бастап бір жыл ішінде жарғылық капиталын құраса.


2. Егер жарғылық капиталдың кемуі нәтижесінде оның мөлшері заңнамамен көзделген ең төменгі мөлшерден жағдайда, егер сондай-ақ Жалғыз қатысушы заңнамамен белгіленген мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталын құрса, онда Жалғыз қатысушы бір жылдың ішінде жарғылық капиталға тиісті салымды енгізуі тиіс. Өзге жағдайда Серіктестік мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сот шешімімен таратылуға жатады.

### **14-бап. Қорытынды ережелер**

1. Егер Жарғы қағидаларының біреуі жарамсыз болса, онда бұл қағидалар қалған қағидалардың жарамдылығын қозғамайды. Жарамсыз қағида құқықтық қатынаста қағиданың мағынасына жақын қағидамен ауыстырылады.

2. Осы Жарғымен реттелмеген мәселелерді шешуде Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

3. Осы Жарғы оны бекіту туралы шешім қабылдаған сәттен немесе осы Жарғыны бекіту туралы шешімде көрсетілген күннен бастап күшіне енеді.

  
Нурмағамбетов Мergen Рамисович



## Статья 1. Общие положения

1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Расчетно-финансовый центр по поддержке возобновляемых источников энергии» (далее - Товарищество) создано в соответствии с законодательством Республики Казахстан, руководствуется Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее – Закон), Законом Республики Казахстан «О поддержке использования возобновляемых источников энергии», иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, настоящим Уставом Товарищества (далее - Устав).

2. Устав определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

3. Единственным учредителем и участником является акционерное общество «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «КЕГОС» (далее – Единственный участник), Республика Казахстан, 010010, г.Астана, район Алматы, пр. Тәуелсіздік, здание 59.

4. Полное наименование Товарищества:

1) на государственном языке: «Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есе пайырысу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) на русском языке: товарищество с ограниченной ответственностью «Расчетно-финансовый центр по поддержке возобновляемых источников энергии».

Сокращенное наименование Товарищества:

1) на государственном языке: ЖШС «ЖЭКҚ жөніндегі ҚЕАО»;

2) на русском языке: ТОО «РФЦ по ВИЭ».

5. Местонахождения (юридический адрес) Товарищества: Республика Казахстан, 010010, г.Астана, район Алматы, пр. Тәуелсіздік, здание 59.

6. Срок деятельности Товарищества не ограничен.

7. Основной вид деятельности - осуществление централизованной покупки и продажи электрической энергии, произведенной объектами по использованию возобновляемых источников энергии и поставленной в электрические сети единой электроэнергетической системы Республики Казахстан.

8. Товарищество может осуществлять любые иные виды деятельности, не запрещенные законодательными актами Республики Казахстан.

## Статья 2. Юридический статус Товарищества

1. Товарищество определен расчетно-финансовым центром по поддержке возобновляемых источников энергии, осуществляющим централизованную покупку и продажу электрической энергии, произведенной объектами по использованию возобновляемых источников энергии и поставленной в электрические сети единой электроэнергетической системы Республики Казахстан в соответствии с

постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 ноября 2013 года №1281.

2. Товарищество приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

3. Товарищество является субъектом среднего предпринимательства.

4. Товарищество имеет печать, штампы, самостоятельный баланс, счета в банках, бланки со своим наименованием.

5. Товарищество для достижения цели своей деятельности имеет право от своего имени заключать сделки, приобретать имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

6. Товарищество вправе создавать на территории Республики Казахстан и за рубежом филиалы и представительства, вступать в объединения (союзы) с другими юридическими лицами, а также быть участником иных юридических лиц в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

7. Товарищество отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом. Государство не отвечает по долгам и обязательствам Товарищества. Товарищество не отвечает по долгам и обязательствам государства.

8. Товарищество не отвечает по обязательствам своего Единственного участника.

9. Единственный участник не отвечает по обязательствам Товарищества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Товарищества, в пределах стоимости внесенного им вклада в уставный капитал Товарищества.

10. Корпоративный сайт Товарищества – <http://www.rfc.kegoc.kz>.

### **Статья 3. Уставный капитал и имущество Товарищества**

1. Уставный капитал Товарищества составляет 100 000 000 (сто миллионов) тенге, сформированный на основании личного вклада Единственного участника.

2. Имущество Товарищества составляют основные фонды и оборотные средства, а также иное имущество, стоимость которого отражается в самостоятельном балансе Товарищества.

3. Имущество Товарищества формируется за счет вклада его Единственного участника, доходов, полученных Товариществом, а также иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

4. Имущество принадлежит Товариществу на праве собственности.

5. Вкладом в уставный капитал Товарищества могут быть деньги, ценные бумаги, вещи, имущественные права, в том числе право землепользования и право на результаты интеллектуальной деятельности и иное имущество.

6. Не допускается внесение вклада в виде личных неимущественных прав и иных нематериальных благ.

7. Имущество Товарищества образуется за счет первоначального взноса Единственного участника в уставный капитал, дополнительных взносов, доходов от хозяйственной и предпринимательской деятельности, а также за счет заемных средств и другого имущества, приобретенного или полученного Товариществом в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.

8. По решению Единственного участника может быть изменен размер уставного капитала Товарищества.

9. Увеличение уставного капитала Товарищества может осуществляться путем дополнительных вкладов, производимых Единственным участником; увеличения размера уставного капитала за счет собственного капитала Товарищества, в том числе за счет его резервного капитала.

10. Чистый доход, полученный Товариществом по результатам его деятельности за год, остается в распоряжении Товарищества и направляется на осуществление основного вида деятельности.

#### **Статья 4. Органы Товарищества**

1. Органами Товарищества являются:

- 1) Высший орган – Единственный участник;
- 2) Наблюдательный орган – Наблюдательный совет Товарищества (далее - Наблюдательный совет);
- 3) Единоличный исполнительный орган – Генеральный директор Товарищества (далее - Генеральный директор).

2. Компетенция органов Товарищества, а также порядок принятия ими решения или выступления от имени Товарищества определяются Законом, другими законодательными актами и Уставом.

#### **Статья 5. Права и обязанности Единственного участника Товарищества**

1. Единственный участник вправе:

- 1) участвовать в управлении делами Товарищества в порядке, предусмотренном Законом и Уставом;
- 2) получать информацию о деятельности Товарищества и знакомиться с его бухгалтерской и иной документацией;
- 3) получать в случае ликвидации Товарищества часть его имущества, соответствующую его доле в имуществе Товарищества, оставшегося после расчетов с кредиторами, или его стоимость;
- 4) прекратить участие в Товариществе путем отчуждения своей доли;
- 5) оспаривать в судебном порядке решения органов Товарищества, нарушающие их права, предусмотренные Законом и (или) Уставом;
- 6) и иные права, предусмотренные законодательными актами Республики Казахстан.

2. Единственный участник обязан:

- 1) вносить вклад в уставный капитал Товарищества в порядке, размере и в сроки, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и Уставом;
- 2) не разглашать сведения, которые Товариществом объявлены коммерческой тайной;
- 3) письменно извещать исполнительный орган об изменении сведений, предусмотренных пунктом 3 статьи 1 Устава.

3. Единственный участник может нести и другие обязанности, предусмотренные законодательными актами Республики Казахстан.

## **Статья 6. Исклyчительная компетенция Единственного участника**

1. К исключительной компетенции Единственного участника относятся:

- 1) изменение Устава, включая изменение размера уставного капитала Товарищества, места нахождения и фирменного наименования, или утверждение Устава в новой редакции;
- 2) избрание Генерального директора, определение срока его полномочий, досрочное прекращение полномочий;
- 3) определение количественного состава, срока полномочий Наблюдательного совета, избрание его членов и Председателя и досрочное прекращение их полномочий;
- 4) утверждение годовой финансовой отчетности и распределение чистого дохода;
- 5) утверждение внутренних правил, процедур их принятия и других документов, регулирующих внутреннюю деятельность Товарищества, кроме документов, утверждение которых Уставом отнесено к компетенции иных органов Товарищества;
- 6) решение о реорганизации или ликвидации Товарищества;
- 7) назначение ликвидационной комиссии и утверждение ликвидационных балансов;
- 8) решение о залоге всего имущества Товарищества;
- 9) решение о внесении дополнительных взносов в имущество Товарищества;
- 10) утверждение порядка и сроков представления Единственному участнику Товарищества информации о деятельности Товарищества;
- 11) утверждение Положения о Наблюдательном совете;
- 12) определение годовой суммы расходов, необходимых для обеспечения работы Наблюдательного совета;
- 13) принятие решения о передаче Товарищества или его имущества в доверительное управление и определение условий такой передачи;
- 14) решение об участии Товарищества в иных хозяйственных товариществах, акционерных обществах, а также в некоммерческих организациях;
- 15) принятие решения о приобретении (отчуждении) Товариществом десяти и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц;
- 16) принятие решения о заключении сделки или совокупности взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) Товариществом приобретаетсЯ или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет двадцать пять и более процентов от общего размера стоимости активов Товарищества, за исключением договоров централизованной покупки и продажи электрической энергии, произведенной объектами по использованию возобновляемых источников энергии и

поставленной в электрические сети единой электроэнергетической системы Республики Казахстан;

17) решение о принудительном выкупе доли у участника Товарищества;

18) решение о создании и ликвидации филиалов, представительств, дочерних организаций, а также утверждение положений о них.

2. Единственный участник вправе отменить любое решение иных органов Товарищества по вопросам, относящимся к внутренней деятельности Товарищества, если иное не определено Уставом.

3. Единственный участник вправе делегировать полномочия, не относящиеся к его исключительной компетенции, Наблюдательному совету и Генеральному директору.

4. Вынесение вопросов на рассмотрение Единственного участника иницируется Наблюдательным советом.

### **Статья 7. Наблюдательный совет**

1. Наблюдательный совет является органом, осуществляющим контроль за деятельностью исполнительного органа Товарищества, и организует свою деятельность согласно законодательству, Уставу и Положению о Наблюдательном совете, утверждаемому Единственным участником.

2. Члены Наблюдательного совета обязаны действовать в интересах Товарищества и его Единственного участника.

Для рассмотрения наиболее важных вопросов и подготовки рекомендаций Наблюдательному совету в Товариществе Наблюдательным советом могут быть созданы комитеты.

3. К исключительной компетенции Наблюдательного совета относятся следующие вопросы:

1) утверждение предельного количества работников Товарищества, в том числе штатного расписания, организационной структуры, схемы должностных окладов, а также правил оплаты труда и премирования работников Товарищества;

2) избрание заместителей Генерального директора Товарищества, определение срока их полномочий, досрочное прекращение полномочий, а также определение размеров должностных окладов и условий оплаты труда и премирования;

3) определение размера вознаграждения Генерального директора, а также определение условий оплаты труда и премирования;

4) утверждение годовых бюджетов доходов и расходов, инвестиционных программ и Планов развития (на 5 лет), а также изменений и дополнений к ним;

5) рассмотрение периодических отчетов исполнительного органа Товарищества;

6) утверждение внутренних документов Товарищества, разработанных в целях организации деятельности Товарищества;

7) определение перечня внутренних документов, утверждаемых Наблюдательным советом Товарищества;

- 8) предоставление Участнику информации о результатах проведенных проверок финансово-хозяйственной деятельности Товарищества;
  - 9) назначение, определение срока полномочий секретаря Наблюдательного совета и досрочное прекращение его полномочий;
  - 10) увеличение обязательств Товарищества на величину, превышающую 10 % (десять процентов) от размера собственного капитала, за исключением обязательств, возникающих по договорам централизованной покупки и продажи электрической энергии, произведенной объектами по использованию возобновляемых источников энергии и поставленной в электрические сети единой электроэнергетической системы Республики Казахстан;
  - 11) утверждение сделок или совокупности взаимосвязанных между собой сделок, заключаемых Товариществом на период свыше 12 (двенадцати) месяцев, за исключением договоров централизованной покупки и продажи электрической энергии, произведенной объектами по использованию возобновляемых источников энергии и поставленной в электрические сети единой электроэнергетической системы Республики Казахстан;
  - 12) осуществление мониторинга реализации Плана развития Товарищества;
  - 13) определение аудиторской организации и размера оплаты ее услуг;
  - 14) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности Товарищества;
  - 15) иные вопросы, предусмотренные законодательством и настоящим Уставом, не относящиеся к исключительной компетенции Единственного участника и исполнительного органа Товарищества.
4. Решением Единственного участника к компетенции Наблюдательного совета могут быть отнесены и другие вопросы.
  5. Число членов Наблюдательного совета должно составлять не менее трех человек, избираемых Единственным участником. Работники Товарищества не могут являться членами Наблюдательного совета.
  6. Срок полномочий членов Наблюдательного совета определяется Участником, но не может превышать 5 (пяти) лет.

## **Статья 8. Заседание Наблюдательного совета**

1. Каждый член Наблюдательного совета имеет один голос. Решения по вопросам, рассматриваемым Наблюдательным советом, принимаются большинством голосов членов Наблюдательного совета. В случае равенства голосов, принимается решение, за которое проголосовал Председатель Наблюдательного совета.
2. В случае отсутствия Председателя Наблюдательного совета, его функции осуществляет один из членов Наблюдательного совета по решению Наблюдательного совета.
3. Заседания Наблюдательного совета могут созываться по инициативе его Председателя или по требованию любого члена Наблюдательного совета, исполнительного органа, а также Единственным участником.

4. Требование о созыве заседания Наблюдательного совета предъявляется Председателю Наблюдательного совета посредством направления соответствующего письменного сообщения, содержащего предлагаемую повестку дня заседания Наблюдательного совета.

Заседание Наблюдательного совета должно быть созвано Председателем Наблюдательного совета не позднее 10 (десяти) дней с даты поступления требования о созыве.

5. Письменные уведомления о проведении заседания Наблюдательного совета с приложением материалов по вопросам повестки дня заседания должны быть направлены секретарем Наблюдательного совета членам Наблюдательного совета не позднее, чем за 7 (семь) рабочих дней до даты проведения заседания.

Уведомление о проведении заседания должно содержать сведения о дате, времени и месте проведения заседания, а также его повестку дня.

6. Заседания Наблюдательного совета Товарищества должны созываться не реже чем один раз в квартал.

7. Наблюдательный совет правомочен принимать решение, если на его заседании участвуют более половины от числа избранных членов Наблюдательного совета.

8. Решения Наблюдательного совета, которые были приняты на его заседании, проведенном в очном порядке, оформляются протоколом, который должен быть составлен и подписан лицом, председательствовавшим на заседании, членами Наблюдательного совета, принявшими участие в его заседании, и секретарем Наблюдательного совета в течение 3 (трех) дней со дня проведения заседания.

Копии протоколов заседаний и решений Наблюдательного совета направляются каждому члену Наблюдательного совета и Генеральному директору в течение 5 рабочих дней после проведения заседания Наблюдательного совета Товарищества.

9. Член Наблюдательного совета, воздержавшийся от голосования, либо проголосовавший против принимаемого решения по вопросу повестки дня, представляет письменное обоснование. Такое обоснование приобщается секретарем Наблюдательного совета к решению Наблюдательного совета.

10. По усмотрению Председателя Наблюдательного совета, принятие решений Наблюдательным советом по вопросам, вынесенным на его рассмотрение, возможно посредством заочного голосования.

11. Секретарь Наблюдательного совета Товарищества по требованию члена Наблюдательного совета обязан предоставить ему протокол заседания Наблюдательного совета Товарищества для ознакомления и (или) выдать ему выписки из протокола, заверенную подписью секретаря Наблюдательного совета Товарищества и оттиском печати Товарищества.

## **Статья 9. Генеральный директор Товарищества**

1. Генеральный директор подотчетен Единственному участнику и Наблюдательному совету и организует выполнение их решений. Трудовые

отношения с Генеральным директором регулируются в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан.

2. К компетенции Генерального директора относятся все вопросы обеспечения деятельности Товарищества, не относящиеся к компетенции других органов Товарищества, определенные законодательством, Уставом, внутренними документами Товарищества, в том числе:

- 1) без доверенности действует от имени Товарищества;
- 2) совершает сделки от имени Товарищества в порядке, предусмотренном законодательством и Уставом;
- 3) заключает договоры по централизованной покупке и продаже электрической энергии, произведенной объектами по использованию возобновляемых источников энергии и поставленной в электрические сети единой электроэнергетической системы Республики Казахстан в соответствии с законодательством Республики Казахстан по поддержке использования возобновляемых источников энергии;
- 4) утверждает внутренние документы, направленные на организацию деятельности Товарищества, за исключением документов, утверждаемых Наблюдательным советом и Единственным участником;
- 5) утверждает годовой план закупок товаров, работ и услуг Товариществом в рамках утвержденного плана развития, бюджета Товарищества;
- 6) выдает доверенности на право представлять Товарищество, в том числе доверенности с правом передоверия, а также издает приказы и распоряжения;
- 7) в отношении работников Товарищества издает приказы о назначении их на должность, об их переводе и увольнении, определяет системы оплаты труда, устанавливает размеры должностных окладов и персональных надбавок, решает вопросы премирования, принимает меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания;
- 8) в случае своего отсутствия возлагает исполнение своих обязанностей на заместителя Генерального директора Товарищества, в случае отсутствия заместителя Генерального директора Товарищества возлагает на работника Товарищества, полномочия которого указаны в соответствующей доверенности;
- 9) осуществляет иные полномочия, не отнесенные к компетенции Единственного участника или Наблюдательного совета.

3. Срок полномочий Генерального директора определяется Участником, но не может превышать 5 (пяти) лет.

## **Статья 10. Внешний аудит в Товариществе**

1. Товарищество обязано проводить аудит годовой финансовой отчетности в соответствии с пунктом 5 статьи 7-1 Закона Республики Казахстан «О поддержке использования возобновляемых источников энергии», Законом Республики Казахстан «Об аудиторской деятельности» и представлять его результаты уполномоченному органу.

2. Наблюдательный совет принимает решение об определении аудиторской организации и размера оплаты его услуг в соответствии с подпунктом 13) пункта 3 статьи 7 Устава.

3. Товарищество несет ответственность в соответствии с законодательством за соблюдение порядка ведения и достоверности учета и отчетности.

## **Статья 11. Реорганизация Товарищества**

1. Реорганизация Товарищества (слияние, присоединение, разделение, выделение, преобразование) может быть осуществлена добровольно по решению Единственного участника Товарищества.

Отчуждение доли или иное изменение состава участников Товарищества не является реорганизацией Товарищества.

2. В случаях, установленных законодательными актами, реорганизация Товарищества в форме его разделения или выделения из его состава одного или нескольких товариществ осуществляется по решению уполномоченных государственных органов или по решению суда.

3. В случаях, установленных законодательными актами, реорганизация Товарищества в форме слияния или присоединения может быть осуществлена лишь с согласия уполномоченных государственных органов.

4. Имущество реорганизованного Товарищества переходит к его правопреемнику в момент его регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами или решением о реорганизации.

## **Статья 12. Ликвидация Товарищества**

1. Товарищество может быть ликвидировано по решению Единственного участника.

2. По решению суда Товарищество может быть ликвидировано в случаях:

1) банкротства;

2) признания недействительной регистрации Товарищества в связи с допущенными при его создании нарушениями законодательства, которые носят неустранимый характер;

3) осуществления деятельности без надлежащего разрешения (лицензии) либо деятельности, запрещенной законодательными актами, либо с неоднократным или грубым нарушением законодательства;

4) в других случаях, предусмотренных законодательными актами.

3. Требование о ликвидации Товарищества по основаниям, указанным в пункте 2 настоящей статьи, может быть предъявлено в суд заинтересованными лицами, если законодательными актами не предусмотрено иное.

4. Ликвидация Товарищества производится ликвидационной комиссией, назначаемой Единственным участником или судом.

## **Статья 13. Прекращение деятельности Товарищества**

1. Основанием для прекращения деятельности Товарищества, помимо оснований, указанных в пункте 2 статьи 12 Устава, могут быть случаи:

1) если в результате уменьшения уставного капитала его размер станет меньше минимального размера, предусмотренного законодательством;

2) если Единственный участник не образует в течение года с момента регистрации Товарищества его уставный капитал.


2. В случаях, когда в результате уменьшения уставного капитала его размер станет меньше минимального размера, предусмотренного законодательством, а также если Единственный участник не образует в сроки, установленные законодательством, уставный капитал Товарищества, то Единственный участник должен в течение одного года внести соответственно дополнительные вклады в уставный капитал. В ином случае Товарищество подлежит ликвидации решением суда по заявлению заинтересованных лиц.

#### **Статья 14. Заключительные положения**

1. Если одно из положений Устава становится недействительным, то это не затрагивает действительность остальных положений. Недействительное положение заменяется допустимым в правовом отношении, близким по смыслу положением.

2. Во всем, что не урегулировано настоящим Уставом, Товарищество руководствуется законодательными актами Республики Казахстан.

3. Настоящий Устав вступает в силу с момента принятия решения об его утверждении либо с даты, указанной в решении об утверждении настоящего Устава.

  
\_\_\_\_\_